

Әліпбаев А.¹, Бюжеева Б.², Нұрдынбай С.³, Кахарманова С.⁴

¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: alipbayev19@gmail.com

²тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: bbuzeeva@gmail.com

³магистрант, e-mail: samgar@live.cn

⁴докторант, e-mail: askena8686@gmail.com

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ШЫҰ ШЕҢБЕРІНДЕГІ МҮДДЕЛЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕРДІҢ КЕЙБІР АСТАРЛАРЫ

Бұл мақалада Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі мүше-мемлекеттер арасындағы саяси-экономикалық ынтымақтастықтың даму үдерісінің кейбір астарлары қарастырылады. Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылғаннан бері экономикалық, саяси, қауіпсіздік және мәдени ынтымақтастық салаларында бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді. Дегенмен де әртүрлі елдердің даму деңгейлерінің біркелкі болмауы, мүше-елдер арасындағы өзара сауда байланысына жәрдемдесудің төмен деңгейде болуы, жалпы ынтымақтастық саласындағы кейбір теңсіздіктердің орын алуына мүмкіндік туғызуда. Қазіргі кезде ШЫҰ шеңберінде көлік тасымалы, энергетика, қоршаған ортаны қорғау, ауылшаруашылық өндірісінің кешені мен шекаралық ынтымақтастық және тағы басқа да салалар бойынша жүзден астам экономикалық бағдарламалар жобаланған. Аймақтық ахуалдың біртіндеп тұрақтануы, мүше мемлекеттердің экономикалық дамуына деген ұмтылысы және мүшелікті кеңейту, ұйымның экономикалық ынтымақтастық әлеуетін айтарлықтай арттырды. Әрине Шанхай ынтымақтастық ұйымының алғашқы кеңеюі, яғни өз қатарына жаңа толыққанды мүше мемлекеттер ретінде Үндістан мен Пәкістанды қосуы, экономикалық ынтымақтастық әлеуетінің артуымен бірге халықаралық ықпалының да ұлғаюын білдіреді. Осыған байланысты Шанхай ынтымақтастық Ұйымы экономикалық және сауда жүйесіндегі келісімдерді одан әрі ілгерілету, инвестициялар бойынша келіссөздерді ынталандыру, көпқырлы үйлестірілген инвестициялық және қаржы жүйесін құру, ынтымақтастық бағыттарын кеңейту, аймақаралық экономикалық ынтымақтастықты дамыту және өзара байланыстыруды жеделдету арқылы өңірлік экономикалық ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік беретін алаң болып табылады.

Түйін сөздер: мемлекет, әлеуметтік-саяси, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, өңірлік экономикалық ынтымақтастық, сауда және инвестицияларды жеңілдету.

Alipbayev A.¹, Byuzheyeva B.², Nurdynbai S.³, Kakharmanova S.⁴

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, e-mail: alipbayev19@gmail.com

²Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, e-mail: bbuzeeva@gmail.com

³MA student, e-mail: samgar@live.cn

⁴PhD student, e-mail: askena8686@gmail.com

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

Some aspects of interests and capabilities within the framework of the SCO

In this article some aspects of process of political and economic cooperation between member states within the Shanghai Cooperation Organization are considered. Since creation of the Shanghai Cooperation Organization a member of achievements in the Field of economic, political cooperation, cooperation in safety and culture was reached. Nevertheless, the uneven level of development in the different countries and the low level of cooperation between member states was resulted in some inequality in

the general cooperation. Now within SCO more than hundred economic programs in the field of transport, power, environmental protection, agricultural production and cross-border cooperation, and many other things are developed. Gradual stabilization of a situation in the region, aspiration of member states to economic development and expansion of member structure considerably increased the potential of economic cooperation of the organization. Certainly, the first expansion of the Shanghai Cooperation Organization, including inclusion of India and Pakistan as new full member states, will strengthen the international influence along with the potential of economic cooperation. In this regard the Shanghai Cooperation Organization is the platform for assistance to regional economic cooperation by further promotion of economic and trade agreements, encouragement of investment negotiations, creation of the multilateral coordinated investment and financial system, expansion of areas of cooperation, expansion of interregional economic cooperation and acceleration of interaction.

Key words: state, socio-political, Shanghai Cooperation Organization, regional economic cooperation, assistance to trade and investments.

Алипбаев А.¹, Бюжеева Б.², Нурдынбай С.³, Кахарманова С.⁴

¹кандидат исторических наук, доцент, e-mail: alipbayev19@gmail.com

²кандидат исторических наук, доцент, e-mail: bbuzeeva@gmail.com

³магистрант, e-mail: samgar@live.cn

⁴докторант, e-mail: askena8686@gmail.com

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Некоторые аспекты интересов и возможностей в рамках ШОС

В данной статье рассматриваются некоторые аспекты процесса политического и экономического сотрудничества между государствами-членами в рамках Шанхайской организации сотрудничества. Со времени создания Шанхайской организации сотрудничества был достигнут ряд достижений в области экономического, политического сотрудничества, сотрудничества в области безопасности и культуры. Тем не менее, неравномерный уровень развития в разных странах и низкий уровень сотрудничества между государствами-членами привели к некоторому неравенству в общем сотрудничестве. В настоящее время в рамках ШОС разработано более ста экономических программ в области транспорта, энергетики, охраны окружающей среды, сельскохозяйственного производства и трансграничного сотрудничества и многое другое. Постепенная стабилизация ситуации в регионе, стремление государств-членов к экономическому развитию и расширение членского состава значительно повысили потенциал экономического сотрудничества организации. Безусловно, первое расширение Шанхайской организации сотрудничества, включая включение Индии и Пакистана в качестве новых полноправных государств-членов, усилит международное влияние наряду с потенциалом экономического сотрудничества. В этой связи Шанхайская организация сотрудничества является платформой для содействия региональному экономическому сотрудничеству путем дальнейшего продвижения экономических и торговых соглашений, поощрения инвестиционных переговоров, создания многосторонней скоординированной инвестиционной и финансовой системы, расширения областей сотрудничества, расширения межрегионального экономического сотрудничества и ускорения взаимодействия.

Ключевые слова: государство, общественно-политическая, Шанхайская организация сотрудничества, региональное экономическое сотрудничество, содействие торговле и инвестициям.

Кіріспе

Азияның қауіпсіздігіне жағымды әсер ететін екі үрдісті атайтын болсақ, бұл – экономикалық интеграция мен аймақтық біркелкіліктің қалыптаса бастауы. Интеграция бағытындағы аймақтық деңгейдегі өзара әрекеттестік бүгінгі күні ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені Орталық Азия мемлекеттері бірқатар қиыншылықтарға да тап болуда. Бұл экономика саласында да, саясатта да кездеседі, өйткені әр ел өзіне тән ерекшеліктерге ие. Экономикалық кеңістікте Орталық Азия елдері

толыққанды интеграциялық бірлестік құра алса, бұл аймақтағы беделді саяси қауымдастықтың құрылуына мүмкіндік туғызары анық. Аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету де күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі екендігі даусыз. Себебі аймақ әлемнің жетекші елдерінің геосаяси мүдделерінің түйіскен орталығына айналып отыр. Аймақпен түйісіп жатқан Ауғанстандағы саяси дағдарыс толық аяқталды деп айту қиын, ішкі саяси тартысты тежеуде америкалық күштер қандай да бір рөл атқарғаны айқын, енді алдағы көктемде олар бұл аймақты толық тастап шығатын болса, сириялық аумақтан ауытқыған

содырлардың басым тобы осы аймақты панаулауы хақ. Олай болса олармен арадағы ішкі талас-тартыстың шегі Орталық Азия елдерінің де аумағын шарпып өтері сөзсіз. Бұл аймақтағы экономикалық өзара әрекеттестіктің өзін әскери-саяси қауіпсіздікті қамтамасыз етпей тиімді дамыту мүмкін еместігін көрсетеді. Қандай да саяси шиеленісу байқалса болды, сыртқы күштердің аймаққа қатысты белсенділігі де арта түсетінін білеміз. Осы ретте сыртқы күштердің тікелей қатысуынсыз-ақ ішкі аймақтық мәселелерді барлық мүше елдердің мүддесіне сай тиімді шеше алатын саяси құрал тетігін іздеу маңызды мәселелердің біріне айналды.

Тәуелсіз мемлекеттер ретінде алғашқы аяқ басқан сәттен бастап Орталық Азия елдері осы аймақтық және ұлттық қауіпсіздік мәселесімен бетпе-бет келді. Аймақтың қауіп-қатердің тоғысқан өңіріне жақын орналасуы, яғни аумақтық талас-тартыс, лаңкестік, экстремизм, заңсыз есірткі айналымы сияқты құбылыстардың етек алған аймақтармен шектесуіне байланысты қауіпсіздік мәселесінде өте мұқияттылықты талап етті. Сол себепті аймақтағы қауіпсіздікті нығайту саласында аймақ елдерінің бірлесе әрекет етуі аса маңызды болды. Заманның талабына сай ортақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қандай да орын алған шиеленістер мен қақтығыстарды бірлесе шешу халықаралық ұйымдардың күн тәртібіндегі негізгі мәселелерге айналды десе болады.

Қазақстан аймақта саяси тұрақтылық пен экономикалық дамуға қызығушылық таныта отырып, көршілес елдермен көпжақты және екіжақты қарым-қатынастардың өрлей түсуін стратегиялық тұрғыдан тек қолдап келеді. Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік жүйесін саналы негізде қарастыру барысында Қазақстанның дамуындағы геосаяси негіздерді де, ең алдымен еліміздің Ресей мен Қытай сияқты ядролық қаруға ие алып мемлекеттермен шекаралас орналасуын, еуропалық және азиялық өркениетке жақын жатуын ескеруде. Осыған орай еліміз осы көршілес екі елмен бірлесе отырып, аймақтағы басқа да мемлекеттермен Шанхай ынтымақтастық ұйымының аясында өзінің ұлттық мүддесіне сай ынтымақтастықты нығайта түсуде (Декларация о создании Шанхайской организации сотрудничества, 2001).

Орталық Азия аймағындағы интеграциялық үдерістерге Қазақстанның белсенді түрде араласуы, еліміздің экономикалық және саяси тұрақтылық, гүлдену, бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз

етуі үшін өмірлік қажеттілік шартына айналды. Орталықазиялық және еуразиялық интеграциялық үдерістерді жеделдетудің бастамашысы ретінде еліміз басқаларына қарағанда интеграция әлеуетінің сақталуына, сонымен бірге Орталық Азия аймағының экономикасы жеке жетекші елдердің немесе елдер тобының ықпалында қалып қалмауға көбірек қызығушылық танытуда.

Қалыптасқан әлемдік геосаяси жағдайында, бүгінгі халықаралық және аймақтық сұранысқа сай халықаралық ұйымдардың мәні арта түсіп, аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықтың нығайуына ықпал етуде маңызды күшке айналды. Осы тұрғыдан Қазақстан да, Орталық Азияның басқа мемлекеттері де аймақтық интеграцияның үлгісі ретінде Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) құрылымын қалыптастыру мен нығайтуда белсенділік танытты. Сол ретте Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберінде саяси, экономикалық, мәдени-ізгілікті ынтымақтастықтың өзекті мәселелеріне, сондай-ақ қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөліп келеді.

ШЫҰ шеңберіндегі өзара іс-әрекеттер аймақ елдеріне бірқатар аумақтық даулы мәселелерді реттеуге мүмкіндік туғызды. Ал шекара маңындағы қарулы күштерді жоспарлы және ашық қысқарту, кеңестік кезеңнен қалған әскери-саяси ахуалдың екпінін бәсеңдетті. Өйткені сол сәтте Кеңестер одағының ыдырауымен пайда болған егеменді елдердің аумақтық мәселелерін шешу күн тәртібіне шыққан еді. Шекараны делимитациялау мен демаркациялау үдерісі біраз уақытқа созылып кеткен болатын (Сыроежкин, 2014: 252-297). Шанхай бестігінің бас қосуларында қол жеткізілген «Шекара маңындағы әскери саладағы сенім шараларын нығайту туралы келісім (1996 ж.) мен «Шекара маңындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісім (1997 ж.) де ынтымақтастықтың жаңа сатысының нәтижесі еді (Клименко, 2008).

Шекараға қатысты барлық мәселені оңтайлы шешіп алған соң, бұл мемлекеттер бейбітшілік пен жарасымдылыққа қатысты түсініктерінің бір арнадан шығуына орай, енді мемлекетаралық ынтымақтастықтың басқа салаларын да нығайтуға бет бұрды. Нақтылайтын болсақ, «Шанхай бестігі» мемлекеттерінің 2000 жылғы 5 маусымында Душанбеде өткен саммитінің нәтижесінде қабылданған «Душанбе декларациясында» әр қатысушы елдің аумақтағы егемендігі мен қауіпсіздігі жайлы мәселелерімен қоса, құжатта «Шанхай бестігін» «әртүрлі саладағы аймақтық көпжақты ынтымақтастық

құрылымына» айналдыруға деген ұмтылыстары айтылған. Осыған сәйкес, тараптар өзара сенім мен бес мемлекеттің әскери саладағы достық қатынастарын одан әрі нығайту мақсатында, аймақтық бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудағы біріккен шараларды үйлестіру үшін қорғаныс министрлерінің кеңестерін өткізу жөнінде шешім қабылдайды (Душанбинская декларация глав государств Республики Казахстан, Китайской Народной Республики, Кыргызской Республики, Российской Федерации и Республики Таджикистан, 2001).

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ШЫҰ аймақтағы тиімді ұйымдардың алдыңғы қатарында десе болады. Өйткені ұйымның алғашқы құрылтайшыларының қатарында екі алып көрші – Ресей мен Қытай болса, кейіннен бұл топқа Үндістан мен Пәкістан қосылды (Индия и Пакистан стали членами ШОС, 2017). Үндістанның мүшелігі ұйымдағы Ресей мен Қытай ұстанымдарына теңгерімдік сипат беретін болса, Пәкістанның қатысуының нәтижесінде аймақтық қауіпсіздікті тұрақтандыру жолында Ауғанстандағы жағдайға ықпал ету мүмкіндігін кеңейте түседі. Қауіпсіздік саласында тұрақтылыққа қол жеткізген жағдайда ғана аймақ елдерінің өзара қарым-қатынастары нығая түсіп, экономикалық даму қарқыны арта түсері сөзсіз.

Теориялық-әдістемелік шолу

Халықаралық ұйым шеңберіндегі саяси-экономикалық, қауіпсіздік, өзара қарым-қатынастар аясындағы өзекті мәселелердің түп-тамырын зерделеу барысында бихевиоризм, институционализм, сондай-ақ статистикалық, саяси-құқықтық және әртүрлі сараптамалық бағалау технологиялары кеңінен пайдаланылды. Бүгінгі күн тәртібіндегі кейбір маңызды сәттердің қарама-қайшылықтары мен экономикалық даму қарқынын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік туғызған аналитикалық тәсілді атап өтуге болады. Аймақтық экономикалық жағдайдың жақсаруын теоретикалық және әдістемелік тұрғыдан зерттеудің негізін ең алдымен салыстырмалы сараптамалар құрады. Сол ретте айқындағаннан кейін ғана мемлекеттер арасындағы интеграциялық үдерістердің нәтижесі туралы тиімді тұжырымдама жасауға болады. Салыстырмалы сараптама өз кезегінде тарихи шолумен толықтырылды, оның қажеттілігі бүгінгі ынтымақтастықтың аймақ елдері үшін қаншалықты қажет екендігін жақсырақ түсіну

үшін нақтылы тарихына үңілумен дәйектеледі. Сол себепті мәселені талдау барысында тарихи әдістеме кеңінен қолданылды. Қоғамдық құбылысты зерттеудің әдістемелік негізі ретінде, сондай-ақ диалектикалық әдістермен бірге жүйелі сараптау әдісін де атап өтуге болады. Бұл жерде сарапталынатын құбылыстар негізінен өзіне тән қарқындылығымен және өзара тәуелділігімен ерекшеленді.

Пікірсарап пен нәтижелер

ШЫҰ-ның мүше-мемлекеттері ынтымақтасу аясының барлық үш бағытына да: қауіпсіздік, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық бағыттарға мүмкіндігінше кең көлемде көңіл бөлуге ұмтылуда. Жалпы ШЫҰ шеңберінде көлік тасымалы, энергетика, қоршаған ортаны қорғау, ауылшаруашылық өндірісінің кешені мен шекаралық ынтымақтастық және тағы басқа да салалар бойынша жүзден астам экономикалық бағдарламалар жобаланған. 2007 жылы ШЫҰ мемлекеттері үкімет басшылары 20 жылға арналған «Көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық Бағдарламасына» қол қойған болатын (Лукин, 2007: 12). Бұл жобаның түпкі мақсаты бірте-бірте тауарлар мен капитал, қызмет және технологиялардың еркін айналымын жүзеге асырып, еркін сауда өңірлерін құру. Кезінде ШЫҰ шеңберінде құрылған Іскерлік Кеңесінің де негізгі мақсаты – қаржы, ғылыми-техникалық, энергетика, транспорт, коммуникация, ауылшаруашылығы және сауда саласында ынтымақтастықты дамытуға бағытталған.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының мүше мемлекеттерінің аймақтық саяси ахуалдың біртіндеп тұрақтануына орай мүшелікті кеңейтуі, экономикалық ынтымақтастық әлеуетін айтарлықтай тиімді арттыруға деген ұмтылысымен қатар жүруде. Аймақтағы қауіпсіздікке қатысты ішкі саяси жағдай тұрақты десе болады. Біріншіден, Ресей мен Орталық Азия елдері ішкі саяси жүйені құруды жеделдетіп, ішкі жағдайды қатаң басқарумен ішкі тұрақтылықты қолдаудың негізінде әрқашан да «түрлі-түсті революцияға» қарсы сақ бола білді. Сол ретте Ресейде қалыптасқан ішкі оппозиция әлсіз және шашыраңқы, соңғы сайлауда Путин қайта сайланып, алдағы алты жыл мерзіміне ресейлік саяси жағдай тұрақтылыққа ие болады. Өзбекстан, Қырғызстан және Қытайдағы саяси өтпелі кезең әлдеқайда «жұмсақ» сипатта жүзеге асты. Өзбекстан президенті болып Шавкат Мирзиёев сайланғаннан кейін,

ол көптеген жылдар бойы елде жиналып қалған қарама-қайшылықтарды әлсірететін, әлеуметтік жағдайды тұрақтандыратын, ел ішінде билікті нығайтатын бірқатар реформалар жүргізді. Өз кезегінде Қазақстандық билік те өз ұстанымдарын нығайтып, саяси тұрақтылықты бекіте түсті. Екіншіден, Орталық Азия елдері экономикалық және қауіпсіздік мәселесінде Қытай мен Ресейге көп тәуелді екені белгілі. Өйткені АҚШ пен Батыс елдерінің Орталық Азия елдеріне қатысты ықпалының әлсіреуі, Қытай мен Ресейдің аймақтағы ықпалын арттырды. Үшіншіден, Орталық Азия елдерінің арасындағы қарама-қайшылықты мәселелер өз шешімін табуға. Өзбекстанның жаңа билігі Қырғыз Республикасымен, сондай-ақ Тәжікстанмен өзара ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтере алды. Қырғыз Республикасымен шекара мәселесі реттелсе, Ташкент пен Душанбе арасындағы тығыз байланыстың куәсі ретінде тұрақты түрде тікелей ұшақ қатынастары жанданды. Орталық Азиядағы аумақаралық шекараларға қатысты ұзаққа созылған шиеленісті мәселелердің ауқымы азайып, қоршаған орта мен су мәселесіне қатысты өзара тиімді шешімдер қабылдана бастады. Төртіншіден, Орталық Азия ислам экстремистік қатері мен ауғандық мәселеден қорғануы тиіс. Өйткені Орталық Азия елдерінде лаңкестік қозғалысының кең етек алу мүмкіндігі өте жоғары, оған ең алдымен ауғандық лаңкестік ошағының жақын орналасуы. Америкалық күштердің елден шығуына байланысты, сириялық аумақтағы лаңкесшіл топтарды ығыстыра бастауы, алдағы ауған мәселесінің жаңа деңгейге шығуына басты себеп болуы ықтимал. Дегенмен Орталық Азиядағы қауіпсіздік ахуалын Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының мүше мемлекеттерінің белсенділік танытуының негізінде бақылауда ұстау мүмкіндігі де жаңа мүшелердің қосылуы арқылы жүзеге асатын болады. Әрине, аймақ елдерінің экономикалық жағдайын дамытуы мемлекеттердің басты тұғыры екендігін де ұмытпаған абзал.

Соңғы кездегі аймақтағы экономикалық жағдайдың жақсаруы өңірлік экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал етуде. Біріншіден, Ресей мен Орталық Азия елдерінің экономикасы жалпы тұрақтана бастады. Халықаралық мұнай бағасының өсуіне және Ресейдің дағдарысқа қарсы шараларына орай, Ресей экономикасы 2017 жылы қалпына келіп, оның ішкі жалпы өнімі (ЖІӨ) жыл соңында 1,5% өсті (Российский статистический ежегод-

ник, 2018). Дүниежүзілік банктің 2018-2020 жж. болжамы бойынша Ресей экономикасының орташа жылдық өсу қарқыны шамамен 2% құрайды. Ресей экономикасының қалпына келуі, өз кезегінде Орталық Азия елдерінің экономикасына да оң әсер етері сөзсіз. Соның нәтижесінде 2017 жылғы Қазақстан экономикасының өсімі 4%-ды (Қазақстанның статистика бюросы, 2018), Өзбекстанда – 5,3% құрап (Госкомстат Узбекистана, 2018), осы көлем алдағы жылдарда жалғасын табады дейді. Осындай жағдай Тәжікстан, Қырғызстан және Қытайдың экономикасына да тән.

Сонымен қатар, Шанхай ынтымақтастық ұйымының жаңа мүшелері Үндістан мен Пәкістанның ІЖӨ-де арта түсіп, 2017 жылы \$ 2,439 трлн. және \$ 304,4 млрд құрады, бұл 7,2% және 5,3% өсімге сәйкес келеді (Рейтинг стран по ВВП, 2017). Осыған орай ұйымның барлық мүше-мемлекеттері тұрақтылыққа ұмтыла отырып, жедел дамуға ынталануда. Олар орта және ұзақ мерзімді экономикалық дамудың стратегиялық жоспарларын құрып, шетелдік инвестицияларды тартуға және өзара саудасаттықты кеңейтуге және өңірлік экономикалық ынтымақтастықты кеңейту үшін кең ауқымды даму кеңістігін қамтамасыз етуге жағдай жасауда. Екіншіден, Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) сияқты көпжақты экономикалық ынтымақтастық тетіктері елдерге экономикалық өзара қарым-қатынастарды тереңдетуге көмектесуде. Қазіргі кезде ДСҰ-ға кіру туралы келіссөздер үдерісінде тұрған Өзбекстаннан басқа Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүшелері ДСҰ-ға мүше болып табылады. ДСҰ-ның көпжақты сауда жүйесі мүше мемлекеттер үшін экономикалық ынтымақтастықты жүзеге асырудағы және экономикалық ынтымақтастыққа кепілдіктер беру үшін маңызды алаңға айналуда. Қатысушы мемлекеттер ДСҰ-ның міндеттемелерін қатаң түрде сақтауға және іске асыруға, ішкі сауда мен инвестицияларды ырықтандыру үдерісін жеделдетуге тиіс, содан кейін өңірлік сауданың деңгейін жақсартуға және инвестицияларды ырықтандыру мен жеңілдетуге көмектеседі. Сондай-ақ өңірлік экономикалық және сауда саласындағы ынтымақтастықты да жақсартады.

Әрине қазіргі сәтте қалыптасқан әлемдік саяси-экономикалық ахуал, оның ішінде энергетикалық тасымалдау көздеріне деген халықаралық бағаның құбылмалы болуы, аймақтағы жетекші елдердің бірі болып табылатын Ресейге қатысты АҚШ бастаған батыстық елдердің экономикалық шектеуліктері де Шанхай ынтымақтастық

ұйымы шеңберіндегі мемлекеттер арасындағы экономикалық қарым-қатынастарға кері әсерін тигізуде. Бұл қайшылықты мәселені шешу үшін Ресей мен Орталық Азия елдері экономикалық дамуды ұлттық дамудың басты басымдығы деп санап, Шанхай ынтымақтастық ұйымының аясында көпжақты экономикалық және сауда ынтымақтастығын нығайтуға дайын екендіктерінің кепілі ретінде аймақтық экономикалық ынтымақтастықты аса жоғары деңгейге көтеруде. Ынтымақтастықты кең көлемде нығайту үшін ішкі ынталандыруды күшейтуге талпынуда.

Сонымен бірге, Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің даму тұжырымдамалары мен даму стратегиясы да елеулі өзгерістерге ұшырауда. Экономикалық ынтымақтастық ережелерінің институционалдық тетіктерін жетілдіру аса зор мәнге ие болуда. Сол ретте Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі Ресей мен Өзбекстанның өңірлік экономикалық ынтымақтастығы ескі кертартпалықты жеңе отырып, жағымды қарым-қатынасқа ауысты. Украиндық саяси дағдарысқа қатысты Батыс елдерінің Ресеймен экономикалық қарым-қатынастарына енгізілген өзгерістерінің салдарынан, бүгінгі халықаралық қоғамдастықта Ресей жаңа басты саяси бағыттарын айқындауда. Бұл Ресейді Шығыс елдерімен ынтымақтастықты нығайтуға итермеледі. Азия аймағымен ықпалдасуы артып, Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі өңірлік экономикалық ынтымақтастығына айтарлықтай жаңа серпін берді. Шанхай ынтымақтастық ұйымының өңірлік экономикалық тығыз байланыстарының нығая түсуіне Өзбекстанның жаңа президенті ұстанған ішкі және сыртқы саясаты да жағымды әсер етуде. Әрине Шанхай ынтымақтастық ұйымының алғашқы кеңеюі, яғни өз қатарына жаңа толыққанды мүше мемлекеттер ретінде Үндістан мен Пәкістанды қосуы, экономикалық ынтымақтастық әлеуетінің артуымен бірге халықаралық ықпалының да ұлғаюын білдіреді.

Ең алдымен Үндістан мен Пәкістан ШЫҰ-ның Оңтүстік-Азия бағытындағы жағрапиялық кеңістігін ұлғайтты. Бұл еуразиялық құрылықтың шамамен 70 пайызын қамтып, жалпы халық санын 3,1 млрд. адамға дейін өсіріп, әлем елдері халықтарының 44 пайызын құрады. Енді ШЫҰ елдерінің ЖІӨ жиынтығы әлемдік жалпы ішкі өнімнің бестен бірін алады (Zhang, 2017). Бұл өз кезегінде ШЫҰ-ның экономикалық күші мен әлеуетін одан әрі арттырды. Себебі Үндістан мен Пәкістан елдері Оңтүстік-Азия аймағындағы

экономикалық тұрғыдан зор әлеуетке ие елдер болып табылады. Ал енді олардың ШЫҰ-ға қосылуы Ұлы Жібек жолы экономикалық өңірі үшін маңызды алқап қана емес, нарықтық байланыста Оңтүстік-Азия мен Үнді мұхитын, маңызды кемежайлармен жалғастырушы көпір болатыны хақ. Қытай елінің Сауда министрі осы сәтке қатысты: «Энергия, коммуникация, көлік тасымалы және басқа салалардағы инфрақұрылымдық жобалар желісін тиімді жүзеге асыруға көмектесіп қана қоймай, ыңғайлы және толыққанды аймақтық жалғастырушы желісін қалыптастырып, жергілікті өңірлерде ықпалды көлік тасымалының логистикалық жобаларын ойластыруға түрткі болары анық» – деп атап көрсеткен болатын (The Chinese Minister of Commerce talks about India and Pakistan officially joined Shanghe: regional economic cooperation will face three major opportunities, 2017).

Көпжақты экономикалық және сауда ынтымақтастығының серпіні жақсара түсуде. Ең алдымен, ШЫҰ арасындағы экономикалық ынтымақтастық арнасы артты. Дамушы экономика ретінде Үндістан жедел дамыды, ақпараттық технология мен медицина сияқты өнеркәсіп салалары дамыды, сонымен бірге талаптылар саны да өте мол. Оның сондай-ақ ірі энергетикалық тұтынушы ретінде аймақтық экономикалық ынтымақтастыққа жаңа ынта мен жаңа рең әкелері сөзсіз. Екіншіден, бұл аймақтық сауда мен инвестициялық көмекті ілгерілетуге түрткі болары хақ. Үндістан мен Пәкістан да Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі болғандықтан олар сауда мен инвестициялық ырықтандыру ережелерінің сақталуына өзіндік әсер етеді. Қытай-пәкістандық еркін сауда өңірі 2007 жылы-ақ қалыптасып болған еді, енді ШЫҰ шеңберіндегі еркін сауда үдерісінің дамуына үлгі болары анық. Үшіншіден, қаржыландыру көзі ұлғая түсті (Sun, 2017). Жергілікті және корпоративті ынтымақтастықтың белсенділігімен бірге көпжақты әріптестіктер де арта түсті. Дегенмен де Үндістан мен Пәкістанның мүшелігі аймақтық экономикалық ынтымақтастықта өзіндік қиыншылықтар әкелетіндігі де белгілі. Өйткені бұған дейін де ШЫҰ көлемінде көптеген аймақтық өзекті мәселелерді шешу жүктелінгендіктен, тәжірибе көрсеткендей кейбір мәселелерді нәтижелі шешуде алты мемлекеттен құралған ұйымда икемсіздік байқалатын. Ал енді ШЫҰ-ның сегіз мүше-мемлекеттері жаңа құрамда барлық саламен бірге экономикалық байланыстарын да заманға сай жаңғыртуға тиіс.

Осыған орай 2013 жылы мәлімделінген Қытай Халық Республикасының «Бір белдеу, бір жол» бастамасы Шанхай ынтымақтастық ұйымының өңірлік экономикалық ынтымақтастығына елеулі ықпал етуде. Осы стратегияның негізінде Қытай әлемдік экономикамен сауда-саттық, инвестиция салу, инфрақұрылым және басқа да даму жобалары арқылы кең көлемде ықпалдасуды көздеуде (One belt, one road tie Asia to Africa and Europe, 2016). Қытайтанушы қазақстандық ғалым Н. Мұқаметханұлы: «Бұл құжатта «Бір белдеу, бір жол» стратегиясын ортаға қоюдың замана жағдайы, ортақ құру қағидалары, ынтымақтастықтың басым бағыттары, ынтымақтастықтың механизмдері, Қытай үкіметінің ол үшін көрсететін белсенділігі мен әрбір аймақтың ашықтық динамикасы нақтыланып, «Бір белдеу, бір жол» стратегиясының мақсаты да анық көрсетілген: экономикалық факторларды тәртіппен еркін айналымға қосу, ресурстарды жоғары деңгейде орналастыру және рыноктарды ішкерлей қосу, жол бойындағы мемлекеттердің экономикалық саясатын жүзеге асырумен сәйкесті түрде, тіпті де кең көлемде, тіпті де жоғары деңгейде, тіпті де терең сатыларда аймақтық ынтымақтастықты дамыту; ортақтасып ашық, толерантты, біркелкі, бәріне де тиімді аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың құрылымын қалыптастыру», – деп дәйектейді (Мұқаметханұлы, 2016). Бүгінгі күні «Бір белдеу, бір жол» бастамасының іске қосылуымен-ақ көлік тасымалы, энергетика, қаржы және өндірістік қуат салаларында алғашқы табыстарға ие бола бастады. Бұл салалар, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымының аймақтық ынтымақтастығының негізгі көзі болып табылады, белгілі бір дәрежеде ол экономикалық ынтымақтастықтың нығаюына жағдай туғызуда. ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастықтың нақты бағыттарын айқындауға негіз болды. ШЫҰ-ға мүше елдердің сауда саласындағы қатынастарын жеделдетуге арналған аймақтық инфрақұрылымдарын құрумен бірге аймақтық интеграциялық үдерістердің ауқымын кеңейту мүмкіндіктері туындады. Өйткені, Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы кейбір бақылаушы мемлекеттер мен серіктес елдердің өндірістік құрылымдары жетілдірілмеген, капиталды дамыту тапшылығы орын алған, инфрақұрылымды дамыту әлдеқайда төмен деңгейде. Яғни жедел түрде шетелдік инвестицияларды тартып, елдің ұлттық-экономикалық дамуын қамтамасыз ету қажет. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы инфрақұрылымды дамытуға бағытталып, Шан-

хай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде өңірлік экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндіктеріне назар аудары отырып, қаржы алаңын құру үшін өндіріс қуатын кеңейту болып табылады (Min, 2016).

Дегенмен де Шанхай ынтымақтастық ұйымының аймақтық экономикалық ынтымақтастығы бірқатар нәтижелерге қол жеткізгенімен, кейбір ішкі және сыртқы жағымсыз факторлар экономикалық ынтымақтастықтың терең дамуына кедергі келтіруде. Үндістан мен Пәкістанның қатысуы аймақтық экономикалық ынтымақтастыққа да қиындықтар тудыраы сөзсіз.

Бүгінгі күні Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер сауда және инвестицияны жеңілдету туралы консенсусқа қол жеткізді және өзекті мәселелерді іс жүзінде шешуге тырысуда. Алайда, кедендік рәсімдердің, стандарттаудың, бизнес-мобильділіктің және реттеуші ортаның төрт басты саласы бойынша әлі күнге дейін әртүрлі мәселелер бар (Gong, 2009). Мұндай тосқауылдардың нәтижесінде тараптардың тиісті саясаты айырықша ерекшеленеді. Стандарттау жағдайында ТМД елдері негізінен қытайлық техникалық стандарттардан айтарлықтай ерекшеленетін кеңестік стандарттарға иелік етеді. Қытайлық компаниялар ресейлік және Орталық Азия елдеріне кіргенде, олар осы өнімнің көрсеткіштерін жинау, аудару, салыстыру және түзетуі қажет. Бекіту, логистика, кедендік рәсімдеу, ақша қаражаттарын қайтару және т.б. бойынша мүше мемлекеттердің талаптары әртүрлі. Олар әр елден өтіп бара жатқанда, көп уақытты алатын және еңбекті қажет ететін жұмысын қайта бастауы керек (Zhang, 2017). Ресейде және Орталық Азия елдеріндегі еңбек визасы рәсімдеріне көп уақыт қана кетіп қоймай, белгілі бір дәрежеде корпоративтік инвестицияларға кедергі келтіреді және техникалық мәселелерді шешуді қажет етеді. Сонымен қатар ТМД елдеріндегі іскерлік ортада бір-ақ экономикалық құрылым бар, нарықтық экономикалық жүйе жетілдірілмеген, мемлекеттік қызмет жүйесі артта қалып отыр, саяси бөлімдердің қызметі де тиімсіз, бюрократиялық сыбайластық әлі де орын алуда, бұл инвестициялық ынтымақтастыққа өзіндік кесірін тигізуде. Дүниежүзілік экономикалық форумының 2016 жылғы Халықаралық саудаға жәрдемдесу жөніндегі жаһандық баяндамасына сәйкес, Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүшелері арасында Қытай 136 елдің ішінде 61-орынды иеленсе, ұйымның қалған елдері 90-нан кейінгі орындарға ие (Global Facilitation Report, 2016). Мұның басты себебі Шанхай

Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің барлығы дамушы елдер болып табылады және мүше-мемлекеттер арасындағы экономикалық тұрақтылықта үлкен айырмашылық бар. Ішкі жалпы өнімнің немесе сыртқы сауда импортының және экспортының жалпы көлеміне қарамастан, Қытай мен Ресей ұйым ішіндегі «алыптары» болып табылады. Ал Орталық Азияның басқа төрт елін Қытай және Ресеймен салыстыратын болсақ араларындағы алшақтық өте айқын көрінеді. Мүше мемлекеттердің экономикалық күштерінің теңгерімсіздігі елдерге өздерінің экономикалық мүдделеріне негізделген экономикалық даму талаптарына жауап беретін аймақтық экономикалық ынтымақтастық жоспарларын құруға мүмкіндік берді (Wang, 2013). Бұл жоспарлар әртүрлі мазмұнға ие және аймақтық экономикалық ынтымақтастық мақсаттары мен талаптары да әр түрлі. Аймақтық экономикалық ынтымақтастыққа белгілі бір теріс әсерін де тигізуде. Сонымен бірге, Шанхай ынтымақтастық ұйымының экономикалық ынтымақтастығын дамыту бағытына қатысты Қытай мен Ресей арасындағы әрқилы ұстанымдар да аймақтық экономикалық интеграцияның дамуын тежеуде. Яғни, мүше елдердің өңірлік экономикалық ынтымақтастық шеңберіндегі өзара қарым-қатынастарындағы іс-әрекеттер бір-біріне қайшы келетін сәттері де жиі байқалады.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының барлық мүшелері әрдайым ресурстық салада ынтымақтасуға ұмтылады және бірнеше екіжақты және көпжақты энергетикалық ынтымақтастық жобаларын жүзеге асыруға талпынуда. Ал ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу және өндіру, сондай-ақ қызмет көрсететін салалар сияқты шикізаттық емес салалардағы бірлескен жобалар жеткілікті деңгейде емес. Сол себепті экономикалық ынтымақтастық ауқымын одан әрі кеңейту бағытында жаңа тиімді жолдарды игеру қажеттілігі бүгінгі күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы ретте ұйымға мүше-елдердің экономикалық қайта құрылуы, өңірлік экономикалық ынтымақтастыққа жаңа талаптар енгізуді, соның ішінде шикізат көзімен ғана ынтымақтастықты дамытумен шектелмей, шикізаттық емес салаларды және жоғары технологиялық өнеркәсіптік ынтымақтастықты белсенді түрде дамытуға мүмкіндік туғызудың қажеттілігін ұсынуда.

Соңғы жылдары, кейбір мүше елдердің күшжігерімен Шанхай ынтымақтастық ұйымының шикізаттық емес салалардағы ынтымақтастығы алға өрлеуде. Дегенмен де ол қалыптасып қалған

экономикалық ынтымақтастық саласындағы теңгерімсіздікті толығымен өзгерте қойған жоқ. Болашақта шикізат пен шикізат емес салалар арасындағы айырмашылықты қысқарту Шанхай ынтымақтастық ұйымының экономикалық ынтымақтастығы үшін негізгі басымдық болып табылады.

Қорытынды

Қазіргі уақытта Шанхай ынтымақтастық ұйымын кеңейту үдерісі қауіпсіздік мәселесінің ауқымын да ұлғайта отырып, экономикалық ынтымақтастыққа байланысты алғашқы кездерде кейбір қиындықтарды да тудыруда.

Біріншіден, Шанхай ынтымақтастық Ұйымын кеңейту мүше мемлекеттер арасындағы «консенсусқа» қолжеткізуді күрделендіре түседі. Қазіргі уақытта Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде еркін сауда аймағын құру және Шанхай ынтымақтастық ұйымын қаржыландыру механизмін қалыптастыру сияқты экономикалық және сауда бастамаларының ұзаққа созылуына байланысты Орталық Азия елдерінің арасында көптеген қайшылықтар мен алаңдаушылықтар бар. Жаңадан екі елді қосу туралы шешім ұйымның мүдделік құрылымын да арттыра түсіп, өзара мәмілеге келу үдерісін одан әрі қиындатары айқын.

Екіншіден, бұған дейін жетекшілік сипатта болған қытай-ресейлік екі қозғаушы күштің ара салмағы өзгереді. Шанхай ынтымақтастық ұйымының өңірлік экономикалық ынтымақтастығы әрдайым Қытай мен Ресейдің басшылығымен жүрсе, енді бұл теңгерімдік жағдайға үшінші жаңа ауыр салмақтың қалай әсер етері белгісіз. Ресей президенті В. Путин Ресей мен Үндістанның ерекше стратегиялық серіктесі екенін қанша мәлімдегенімен, Үндістан үкіметі батыстың басты халықаралық мәселелеріне, Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасына, Қытай-Пәкістан қарым-қатынасына ерекше назар аударатындығы айқын.

Кейбір ғалымдар жаңа кеңейудің кейбір қырларын аша отырып, соның негізінде ең алдымен ШЫҰ-ның іріленуі оның қуаттылығын ғана арттырып қоймай, сонымен бірге нақтылы мақсаттарға жетудегі мүдделер мен мүмкіндіктердің қаншалықты үйлесімді болатындығына күмән келтіреді. Шын мәнінде де бұл ұйым шеңберінде өзекті мәселелерді шешудің өте маңызды жағы. Ғалым Ә. Каукунов: «ШЫҰ-ның жаңа кезеңінде жаңа мәселелер туындайды. Ол мәселелердің ішіндегі ең өзектілері: ұйым шеңберіндегі елдер арасында бәсекелестіктің ар-

туы және нақтылы мәселелер бойынша мәмілеге келе алмауы; Үндістан мен Пәкістан арасындағы шешілмеген қайшылықтар; идеологиялық және тілдік қиыншылықтар. Бұған қоса орталықазиялық елдер үшін – қандайда бір мәселелер бойынша «алпауыт мүшелермен» көзқарастардың бір арнадан шықпаған сәттерінде өз мүдделерін итермелеу үшін тіл табыса алуы. Бұл ШЫҰ көлеміндегі келіссөздердің шексіз созылуына да әкелуі мүмкін», – дейді. Дегенмен де ШЫҰ қуатты ұйымға айналу сатысында қандай да қиыншылықтарға тап болары сөзсіз, ең бастысы аймақтық мүдделер мен мүмкіндіктерді шешуде оңтайлы тетіктерді ойластыруға талпынуы керек.

Ал «шанхайлық үдерістерге» бастамашы болғандардың бірі ретінде Қазақстан Республикасы ШЫҰ-ны Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды

құрамдас бөлігі деп қарайды. Аймақтық интеграция үдерістерін ынталандыру аясында, дәстүрлі және жаңа қауіп-қатерлердің алдын алуда, экономикалық саясатты жүзеге асыруда, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, ШЫҰ шеңберіндегі өзара әрекеттестік іс жүзінде Қазақстан үшін қызығушылық туғызуда. Қазақстан Республикасының одан әрі де Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде өз қызметін ыждағаттылықпен ұлғайта түсуі сыртқы саяси бағыттардың жүзеге аса беруіне қолайлы жағдай туғызары айқын. Өйткені Қазақстан Республикасы Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы қызметін өзінің сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі деп есептейді және ұйымды саяси-экономикалық, мәдени салалардағы аймақтық өзара әрекеттестіктің маңызды құралы мен іс жүзіндегі алаңы деп қарастырады.

Әдебиеттер

- Госкомстат Узбекистана // <https://nuz.uz/ekonomika-i-finansy/32878> – 2018
- Декларация о создании Шанхайской организации сотрудничества /Шанхайская организация сотрудничества // <http://www.sectso.org/RU123/show.asp?id=83> – Шанхай, 14-15 июня 2001
- Душанбинская декларация глав государств Республики Казахстан, Китайской Народной Республики, Кыргызской Республики, Российской Федерации и Республики Таджикистан//Шанхайская организация сотрудничества (Сборник документов). – Алматы, 2001.
- Индия и Пакистан стали членами ШОС//<https://ria.ru/20170609/1496181707.html>. – 9 июня 2017
- Каукенов А. ШОС на новом этапе: что делать Казахстану? // <https://www.zakon.kz/4922376-shos-na-novom-etape-cto-delat.html>. –18 Июня 2018
- Қазақстан статистика бюросы // <http://economy.gov.kz/kk/kategorii/statistika-0>. – 1 Қазан 2018.
- Лукин А.В. У ШОС есть все шансы стать одной из наиболее влиятельных организаций // Бюллетень МИСП. – 2007. №3 (17). – С. 12.
- Мұқаметханұлы Н. «Жібек жолының» жаңғыруындағы «Нұрлы жол» бағдарламасының маңызы жөнінде // «Жаңа Жібек жолы экономикалық белдеуі; Жібек жолы бойындағы мемлекеттердің ынтымақтастығы және тұрақты дамуы» атты халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 18-21 мамыр 2016 жыл – Б.20-24.
- Рейтинг стран по ВВП на 2017 год // <http://investorschool.ru/rejting-stran-po-vvp-2017>
- Российский статистический ежегодник // http://www.gks.ru/bgd/regl/b17_01/Main.htm. – 7 мая 2018.
- Сырроежин К.Л. Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений: Монография. – Астана-Алматы, 2014. – 432 с.
- Шанхайская организация сотрудничества: к новым рубежам развития / Сост. А.Ф. Клименко. – 1-ое. изд. – М.: Ин-т Дальн. Вост., 2008. – 400 с.
- China News Network «The Chinese Minister of Commerce talks about India and Pakistan officially joined Shanghe: regional economic cooperation will face three major opportunities», Retrieved from <http://www.chinanews.com/gj/2017/06-10/8246999.shtml>. – 2017.
- Global Facilitation Report. // http://www3.weforum.org/docs/WEF_GETR_2016_report.pdf. – 2017.
- Gong Xinyu, Liu Qingyan: «Analysis of Factors and Causes of Economic Cooperation under the Framework of the Shanghai Cooperation Organization», Journal of Chongqing Technology and Business University (Social Science Edition) – 2009, No. 3.
- Min Keming, Vice Minister of Commerce: Promoting Regional Economic Cooperation of the SCO Together, «China Foreign Investment»– 2016, No. 11.
- One belt, one road tie Asia to Africa and Europe. Africa Report, 28 January 2016.
- Sun Zhuangzhi, etc.: «Shanghai Cooperation Organization Expansion and Economic Cooperation among Member States», Eurasian Economics – 2017, No. 5.
- Wang Zhiyuan, Shi Wei: «Analysis of Major Barriers and Countermeasures of Economic Cooperation of Shanghai Cooperation Organization», Journal of Xinjiang Normal University (Philosophy and Social Sciences Edition) – 2013, No. 6.
- Zhang Jianrong: «The first expansion of Shanghe’s – ‘transfer’ is extraordinary», <http://opinion.huanqiu.com/plrd/2017-06/10811223.html>. – June 9, 2017

Zhang Ning: «Analysis of the Possibility of the Free Trade Zone of the Shanghai Cooperation Organization», Journal of Liaoning University (Philosophy and Social Sciences), – No. 4, 2017.

References

Goskomstat Uzbekistana. [State Statistics Committee of Uzbekistan] (2018) Retrieved from <https://nuz.uz/ekonomika-i-finance/32878>. (In Russian)

Deklaratsiya o sozdaniy Shankhayskoy organizatsii sotrudnichestva /Shankhayskaya organizatsiya sotrudnichestva [Declaration of the Establishment of the Shanghai Cooperation Organization / Shanghai Cooperation Organization] (2001) Shanghai: SCO // <http://www.sectsc.org/RU123/show.asp?id=83>. (In Russian)

Dushanbinskaya deklaratsiya glav gosudarstv Respubliki Kazakhstan, Kitayskoy Narodnoy Respubliki, Kyrgyzskoy Respubliki, Rossiyskoy Federatsii i Respubliki Tadjikistan//Shankhayskaya organizatsiya sotrudnichestva (Sbornik dokumentov). [The Dushanbe Declaration of the Heads of State of the Republic of Kazakhstan, the People's Republic of China, the Kyrgyz Republic, the Russian Federation and the Republic of Tajikistan // Shanghai Cooperation Organization (Collection of Documents).] (2001) – Almaty (In Russian)

Indiya i Pakistan stali chlenami [India and Pakistan become members of the SCO] (2017) Retrieved from <https://ria.ru/20170609/1496181707.html>. (In Russian)

Kaukenov A. SHOS na novom etape: chto delat' Kazakhstanu? [Kaukenov A. SCO in a new level: what Kazakhstan is going to do?] (2018) Retrieved from <https://www.zakon.kz/4922376-shos-na-novom-etape-chto-delat.html>. (In Russian)

Kazakstan statistika byurosy [Statistical Bureau of Kazakhstan] (2018) Retrieved from <http://economy.gov.kz/kk/kategorii/statistika-0>. (In Kazakh)

Lukin A.V. U SHOS yest' vse shansy stat' odnoy iz naiboleye vliyatel'nykh organizatsiy//Byulleten' MISP. [There is no doubt that all the organizations in the world have the right to be a permanent member of the organization. // Bulletin of the MISP.] (2007) №3(17)., -p.12. (In Russian)

Mukhamethanuly N. (2016) «Jibek jolynung» jangyruyndagy «Nurly jol» bagdarlamasyng manyzy joninde // Jana Jibek joly ekonomikalyq beldeui; Jibek joly boiyndagy memleketterding yntymaqtastygy jane turaqty damuy» atty halyqaralyq konferensiya materialdary [The importance of the program «Nurly Zhol» in the modernization of the Silk Road // Materials of the International Conference «New Silk Road Economic Belt, Cooperation and Sustainable Development of Silk Road Countries»]. - Almaty, -B.21-24. (In Kazakh)

Reyting stran po VVP na 2017 god [Rating of countries by GDP in 2017] (2017) Retrieved from <http://investorschool.ru/rejting-stran-po-vvp-2017>. (In Russian)

Rossiyskiy statisticheskiy yezhegodnik [Russian statistical yearbook] (2018) Retrieved from http://www.gks.ru/bgd/regl/b17_01/Main.htm. (In Russian)

Syroezhkin K.L. (2014) Nuzhno li Kazakhstanu boyat'sya Kitaya: mify i fobii dvustoronnikh otnosheniy: Monografiya. [Does Kazakhstan need to be afraid of China: myths and phobias of bilateral relations] -Astana-Almaty. -432 p. (In Russian)

Shankhayskaya organizatsiya sotrudnichestva: k novym rubezham razvitiya / Sost.: A.F. Klimenko. [Shanghai Cooperation Organization: Towards New Frontiers of Development / Comp.: A.F. Klymenko.] (2008) – 1-st. – M.: In-t Dal'n. Vost., – 400 p. (In Russian)

China News Network (2017) «The Chinese Minister of Commerce talks about India and Pakistan officially joined Shanghai: regional economic cooperation will face three major opportunities» Retrieved from <http://www.chinanews.com/gj/2017/06-10/8246999.shtml>.

Global Facilitation Report (2016) Retrieved from: http://www3.weforum.org/docs/WEF_GETR_2016_report.pdf.

Gong Xinyu, Liu Qingyan (2009) «Analysis of Factors and Causes of Economic Cooperation under the Framework of the Shanghai Cooperation Organization», Journal of Chongqing Technology and Business University (Social Science Edition), No. 3.

Min Keming (2016) Vice Minister of Commerce: Promoting Regional Economic Cooperation of the SCO Together, «China Foreign Investment», No. 11.

One belt, one road tj tie Asia to Africa and Europe. Africa Report, (28 January 2016).

Sun Zhuangzhi (2017), etc.: «Shanghai Cooperation Organization Expansion and Economic Cooperation among Member States», Eurasian Economics, No. 5.

Wang Zhiyuan, Shi Wei (2013) «Analysis of Major Barriers and Countermeasures of Economic Cooperation of Shanghai Cooperation Organization», Journal of Xinjiang Normal University (Philosophy and Social Sciences Edition), No. 6.

Zhang Jianrong (2017) «The first expansion of Shanghai's □ 'transfer' is extraordinary», Retrieved from <http://opinion.huanqiu.com/plrd/2017-06/10811223.html>.

Zhang Ning (2017) «Analysis of the Possibility of the Free Trade Zone of the Shanghai Cooperation Organization», Journal of Liaoning University (Philosophy and Social Sciences), No. 4.